

**Бердібаева С.Қ.¹, Нүсіпжанова Б.Н.², Құрмашқызы А.С.³,
Файзуллина А.К.⁴, Бердібаев С.Қ.⁵, Ролдугина В.А.⁶**

¹п.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: berdibayeva.sveta@gmail.com

²Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры, профессор,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: bibigul-08.08@mail.ru

³аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан, Астана қ., e-mail: kuandik_1971@mail.ru

⁴аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: akfaizullina@mail.ru

⁵аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан, Астана қ., e-mail: catok-s67@mail.ru,

⁶1 курс магистранты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: viktoriya111@bk.ru

**ӘЛЕМДІК ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР БАҒЫТЫНА
КӨЗҚАРАС ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТ
(ШЕТ ЕЛДІК ЗЕРТТЕУЛЕР ТӘЖІРИБЕСІНЕН)**

Мақалада әлемдік психологиядағы зерттеулерді талдай отырып, салыстырмалы интеллектуалды платформа жасалған. Шет елдік жаңа заманауи зерттеулер бағытының қазақстандық ғалымдардың және психология ғылымының интеллектуалды әлеуетін көтерудің негізі болатыны баяндалады. Психология ғылымының қазіргі әлемдік жетістіктері мен кәсіби бағыттағы зерттеулері ғылыми іс-сапар негізінде тікелей қатысып, куә болған зерттеулер жан-жақты талқыланады. Конференция зерттеулері жарияланған нәтижелер емес импакт-факторларға ие әлемдік журналдарға шыққан әлемдік брендті жасап отырған зерттеулер баяндалып, талқыланады. Мақалада талқыланған конгресстер мен конференцияда қаралған көптеген зерттеу жұмыстарының қайсысын алып қарасақ та барлығы да адам өміріндегі әлеуметтік сфералар мен уақыт сұраныстарын толық қамтыған зерттеулер екенін көруге болады. Сонымен қатар зерттеуде, шет елдік ғылыми сапарлардың нәтижесінде қаншама құнды ғылыми идеяларды алып келіп ғылымды жасау мен жетілдіру, Қазақстан Республикасының Үкіметінің жүргізіп отырған ғылым мен білім саласындағы реформалау мен жаңғырту процесімен үндесіп жатқаны айтылады. Жаңа үлгідегі әлемдік стандарттарға сай ғылым мен білімді, өндірісті интеграциялауды дамыту бағытындағы жүргізіліп жатқан Қазақстандағы нәтижелі ғылыми іс-шаралардың жүзеге асыруға осы шет елдік зерттеулердің берері көп. Мақалада Тынық мұхиты аумағы бойынша Азия құрлықтарындағы ғылыми зерттеулерді талдай отырып, өзіміздің зерттеулердің бағытын анықтаудағы әлемдік ғылыми психологиялық зерттеулердің негізімен таныстырылады. Жапониядағы әлемдік конгресс зерттеулері және Сингапурдағы аса беделді ұйым жаһандану ғылымдарының технологиялық форумы (GSTF) туралы талданып, осы ұйым өткізіп жатқан конференциялардың куәсі болған авторлар Сингапурдағы когнитивті бихевиориалды психология конференциялардағы зерттеулерді талқылайды. Шет елдік зерттеулерді талдау барысында өз елімізде әлеуметтік сфералардың барлық мәселелерін және адамзат баласы алаңдап отырған зерттеулерді көбейту мәселесін түсінеміз. Көптеген инновациялық зерттеулермен таныса келе, өзіміздің инновациялық әлеуетімізді де көтере аламыз деп авторлар өз ойларын түйіндейді.

Түйін сөздер: әлемдік психологиялық зерттеулер, инновациялық әлеует, Азия Тынық мұхиты аймағындағы зерттеулер бағыты, әлемдік психологиялық конгресс, когнитивті бихевиориалды психология, Жапония психологиясы, Сингапурда баяндалған зерттеулер бағыты, ғылым, білім және өндіріс интеграциясы.

Berdibayeva S.K.¹, Nussipzhanova B.N.², Kurmashkyzy A.S.³,
Faizulina A.K.⁴, Berdibayev S.K.⁵, Roldugina V.A.⁶

¹Doctor of psychological science, professor, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: berdibayeva.sveta@gmail.com

²Professor, rector of T.Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Kazakhstan, Almaty, e-mail: bibigul-08.08@mail.ru

³Senior lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian University, Kazakhstan, Astana, e-mail: kuandik_1971@mail.ru

⁴Senior lecturer of the department of general and applied psychology,
al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: akfaizullina@mail.ru

⁵Senior lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian University, Kazakhstan, Astana, e-mail: catok-s67@mai.ru

⁶First year graduate student, al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail:viktoriya111@bk.ru

Review of researches in the world psychology and their innovative potential. (from experience of foreign investigations)

In the article were analyzed the world's psychological researches, where a comparative intellectual platform is being developed. It was stated that the basis for the modernization of the intellectual potential of Kazakh scientists and psychology lies in the directions of new foreign studies. Modern world achievements in the field of psychology and vocational guidance are widely discussed at conferences where the authors themselves participated. The materials of the congresses and conferences were published by an internationally renowned research journal with non-zero impact factors that create a global brand. If you take any of the studies discussed in this article that were considered at the conference, you can see that they play a very important role in the social sphere of a person and completely cover the demands of the time. At the same time, the study notes that as a result of foreign scientific trips for the development of science it gives great opportunities and acquired many valuable scientific ideas, corresponds to the process of reforming and modernizing science and education in the Government of the Republic of Kazakhstan. Foreign studies can greatly help in the implementation of successful scientific activities in Kazakhstan, which correspond to the development of education and industry, the integration of science in accordance with new world standards. The article presents results of research on the Asian continents in the Pacific region, which formed the basis for a worldwide scientific and psychological study to determine the direction of our study. The studies of the World Psychological Congress in Japan and the authoritative Singapore Technology Forum of Global Science (GSTF) were discussed, and the authors were participants in the forum held by this organization and talked about the studies of the Singapore Conference of Cognitive-Behavioral Psychology (SVR 2013, SVR-2015). When analyzing foreign research, we understand the problem of the social sphere in our country and the studies that concern people. Having become acquainted with many innovative research, we will improve our innovative potentials.

Key words: world psychological research, innovative potential, direction of research in the Asia-Pacific region, world psychological congress, cognitive and behavioral psychology, Japanese psychology, research direction in Singapore, integration of science, education and industry.

Бердібаева С.К.¹, Нусипжанова Б.Н.², Курмашкызы А.С.³,
Файзуллина А.К.⁴, Бердібаев С.К.⁵, Ролдугина В.А.⁶

¹д.п.н., профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: berdibayeva.sveta@gmail.com

²профессор, Казахская национальная академия искусств имени Т. Жургенова,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: bibigul-08.08@mail.ru

³старший преподаватель, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Казахстан, г. Астана, e-mail: kuandik_1971@mail.ru

⁴старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: akfaizullina@mail.ru

⁵старший преподаватель, магистр филологии, Евразийский национальный университет
имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана, e-mail: catok-s67@mai.ru

⁶магистрант 1 курс, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail:viktoriya111@bk.ru

Взгляды на исследования в мировой психологии и инновационный потенциал (из опыта зарубежных исследований)

В данной статье анализируются мировые психологические исследования, на основе которых разрабатывается сравнительная интеллектуальная платформа. Современные мировые достижения в области психологии и профессиональной ориентации широко обсуждаются на конференциях, участниками которых были авторы. Материалы конгрессов и конференций были опубликованы всемирно известным исследовательским журналом с ненулевым импакт-фактором, который создает мировой бренд. Если взять любую из обсуждаемых в этой статье исследований, которые были рассмотрены на конференции, можно увидеть, что они играют очень

важную роль в социальной сфере человека и полностью соответствуют требованиям времени. В то же время в исследовании отмечается, что в результаты зарубежных научных командировок для развития науки дают большие возможности для приобретения многих ценных научных идей, что соответствует процессу реформирования и модернизации науки и образования в Правительстве Республики Казахстан. Зарубежные исследования в значительной степени могут помочь в реализации успешной научной деятельности в Казахстане, это также способствует развитию образования и промышленности, интеграции науки в соответствии с новыми мировыми стандартами. В статье представлены результаты исследований по азиатским континентам в Тихоокеанском регионе, которые легли в основу мирового научно-психологического исследования для определения направления нашего исследования. Были обсуждены исследования мирового психологического конгресса в Японии и авторитетного Сингапурского технологического форума глобальной науки (GSTF), и авторы были участниками форума, проводимого этой организацией, рассказали о исследованиях Сингапурской конференции когнитивно-бихевиориальной психологии (CBP2013, CBP-2015). При анализе зарубежных исследований мы понимаем проблему социальной сферы в нашей стране. Ознакомившись со многими инновационными исследованиями, мы будем улучшать свои инновационные потенциалы.

Ключевые слова: мировое психологическое исследование, инновационный потенциал, направление исследований в Азиатско-Тихоокеанском регионе, международный психологический конгресс, когнитивно-бихевиориальная психология, японская психология, направление исследований в Сингапуре, интеграция науки, образования и промышленности.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: ұлттық тарихымыздың мағынасы бірлескен үш жүйелі мағыналы міндеттерді біріктіреді – тиімді және қуатты мемлекет, бірлескен толерантты қоғам, Инновациялық экономика. Интеллектуалды ұлт болу, интеллектуалды элита болу деп атап көрсетті.

Еліміздің дамуының мемлекеттік бағдарламасындағы маңызды сұрақтардың бірі президентіміз көрсеткендей, ол – білім, ЖОО инновациялық моделін қалыптастыру, нарық сұраныстарына бағдарлану. Елбасы қойған міндеттерді шешу механизмдерінің бірі Қазақстанның әлемдік білімдер кеңістігіне интеграциялануы, біз өзіміздің күш-жігерімізді нақтылы серпінді инновацияларға шоғырландыратын боламыз деген ой-пікірлері біздерге, ғалымдарға да көп ой салады.

Психология ғылымының қазіргі әлемдік жетістіктері мен кәсіби бағыттағы зерттеулері ғылыми іс-сапар негізінде қатысқан конгресстер мен конференциялар арқылы талқыланады. Нәтижесінде емес импакт-факторларға ие журналдарда жарияланған конгресстер мен конференцияда қаралған зерттеу жұмыстарының қайсысын алып қарасақ та барлығы да адам өміріндегі әлеуметтік сфералардың мәселесін және уақыт сұраныстарын толық қамтыған зерттеулер екенін көруге болады.

Білім беру саласындағы стратегиялық бағыттар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті.

Елбасы бекіткен Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында «білім беруді түбегейлі жаңарту қажеттілігіне басымдық берілгенін ескере отырып, біздің ғалымдар шет елдік конгресстер, симпозиумдар, конференцияларға жиі шығып қазақстандық психология ғылымының тың зерттеулерін әлемге таныстыруда.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт – 2020» идеясын ұсына отырып «...Бәсекенің бастысы – білімнің бәсекесі. Бұл үшін біріншіден, білім жүйесінің инновациялық дамуына жол ашу» – деп көрсеткен құнды идеяларының жалғасы ретінде бірнеше жылдан бері әлемдік, еуропалық, азиялық конгресстер мен конференцияларда болып, өз зерттеулерімізді баяндап, ғылыми тәжірибелер алмасып, өзіміздің инновациялық әлеуетімізді жетілдірудеміз.

Психология ғылымы да үнемі дамушы облыстардың бірі. Қай ғылымды алсақ та, математика, физика химия болсын ең бірінші орында адам ақыл-ойын зерттеуші психология тұрады. Бұл әлемдік деңгейдегі шет елдік конгресс, конференциялар әртүрлі саладағы психологтарды біріктіріп, методологиялық деңгейде психологияның соңғы зерттеу жетістіктерімен бірге бөлісу ғана емес, әрі әлемде болып жатқан оқиғалар мен жағдайларды да құнды бағалап сол бағытта зерттеулер жүргізуге стимул береді. Шет елдік конгресс пен конференцияларға қатыса отырып көптеген әлемдік психологиялық зерттеулермен танысып, тәжірибелер алмасып,

өз елімізді таныстырып көптеген жаңа зерттеу идеяларымен жаңа ғылыми ынтымақтастық негізінде Қазақстанда психология ғылымын дамытуға өз үлесімізді қосамыз.

Ғылымды жасау мен жетілдіру Қазақстан Республикасының Үкіметінің жүргізіп отырған реформалау мен жаңғырту процесімен үндесіп, жаңа үлгідегі әлемдік стандарттарға сай ғылым мен білімді, өндірісті интеграциялауды дамыту бағытындағы жүргізіліп жатқан нәтижелі ғылыми іс-шараларды жүзеге асыруға осы шет елдік зерттеулердің берері көп.

Осы зерттеушілік бағыттағы зерттеуде Азия құрлықтарындағы ғылыми зерттеулерді талдай отырып, өзіміздің зерттеулердің бағытын анықтауда әлемдік ғылыми психологиялық зерттеулер негізімен таныстыру басты мақсат болып отыр.

Нәтижелер

Бұл зерттеуде шет елдік зерттеу бағытын талдау арқылы әлемдік психологиядағы жаңалықтармен танысып қазіргі жаңа психологияның күйін тану және оларды көпшілік ғылыми қауымға таныстыру. Шет елдік зерттеулермен танысып, соның негізінде өз зерттеулерімізді әлемдік деңгейге көтеру басты мақсатымыздың бірі. Осы зерттеулер негізінде қазіргі психологияның теориялық-методологиялық негізін және практикалық аспектісін тану.

Өзіміз қатысқан көптеген шет елдік конференцияларда баяндалған ғылыми зерттеулер, Оңтүстік Африка, Еуропа мемлекеттерін де болған ғылыми іс-сапар барысында алған ой түйіндемелер, талдаулардың біразы ғылыми мақала ретінде жарық көрді. Осы зерттеуде Тынық мұхитындағы Азия құрлығы бойынша қандай зерттеулер болып жатыр, адамзат баласы психология ғылымынан не күтеді, біздер қандай жаңа тың ойлар аламыз, өз зерттеулерімізді әлемдік стандарттарға қойылатын талаптарға жеткізе аламыз ба деген сұрақтарды талдау үшін зерттеу бағытын келесідей тұжырымдадық.

1. Жапониядағы психологияның даму бағыты қандай?

2. Сингапур мемлекетінде психология нені зерттеуде?

3. Осы зерттеулер бізге не берді?

Осы зерттеулерді салыстыра отырып, біздің елдегі зерттеулерге назар салу, оларға негіз болатындай жақандық әлемдік ғылыми зерттеу бағытына ілесу болып отыр.

Жапониядағы психологияның даму бағыты қандай?

Әлем психологиясы Жапонияда, Йокогамада 2016 жылы 24-29 шілде аралығында психологиялық ғылымдардың халықаралық одағының қолдауымен 31-әлемдік психологиялық конгресске жиналды (ICP 2016). Йокогама қаласына төрткүл дүниенің барлық елдерінің ғалымдары, саясаткерлері, мемлекеттік қызметкерлер қатысқан бұл конгресстің маңыздылығы өте жоғары. Конгресстің тақырыбы: «Гармониядағы әртүрлілік: психологиядан көзқарас».

Конгресс жағалауда аты әлемге әйгілі **Pacifico Yokohama конференц-орталықта**, Минато Мирайда өтті. Конгресстің статистикалық бөлімін қарасақ, әлемнің барлық жерінен көптеген ғалымдар қатысты: Жапония елінен 39%, Қытайдан 11%, Еуропа елдерінен 17%, Солтүстік Америкадан 9%, Латын Америкасынан 2%, Африкадан 2.4%, Орта Шығыстан 2%, Тынық мұхиты елдерінен 2.5% ғалымдар. Барлығы 7897 ғылыми зерттеулерді құрады.

Конгресс бойынша ғылыми еңбектер импакт-факторы жоғары, әлемдік бренд журналдардың бірі «International Journal of Psychology» журналының 51 бөлімінде психологияның 70 саласы бойынша барлық ғылыми мақалалар жарық көрді. Конгресс жұмысына Африкадан 193, Азиядан 2052, Жапониядан 3076, Еуропадан 1345, Латын Америкасынан 165, Ортаңғы шығыстан 160, Солтүстік Америкадан 706, Тынық Мұхиты елдерінен 200 ғылыми зерттеу еңбектері тіркелді, жалпы алғанда барлығы – 7897.

Осы көрсеткішті әр мемлекет бойынша қарастырсақ, әсіресе өзімізге таныс, мәселен ТМД елдері бойынша Армения – 1, Әзербайжан – 1, Белоруссия – 1, Қазақстан – 89, Латвия – 2, Ресей – 149, Украина – 8, Өзбекстан – 4, міне осы көрсеткіштер көп жағдайды айтып тұр. Ресейден кейін тұрған қазақстандық зерттеулердің осы әлемдік конгрессте 89 мақала: оның 8 – ауызша баяндама, 76 – постер баяндама, 5 – он-лайн баяндама болды, бұл біздің мемлекетіміздегі ғылыми зерттеулердің жоғарғы деңгейі мен күшін көрсетті.

Конгресс күнделігіне оралсақ адамзаттың келелі мәселелерін көреміз. Біздің әлемдегі әртүрлілікті әрі пайдалы, әрі мәселелі деп қарастыруға болады. Әсіресе бұл әртүрлі жағдайларды этнос және мәдениет, денсаулық сияқты сұрақтардың ішіндегі әртүрлілікпен арақатыстыруға болады. Сонымен қатар психологияның әр салаларының арасында да әртүрлілікті көруге болады. «Бірге өмір сүрейік» ұғымы осы әлемдік конгресстің (ICP 2016) негізін қалады.

Психология қазіргі қоғам алдында тұрған гармониялық мәселелерді шешуге себепші болып ары қарай дами береді деген сенімде конгресс өз жұмысын атқарды. Конгресс өткен Япония елі әрі гармонияны, әрі әртүрлілікті көрсете отырып, шығыс және батыс мәдениетін жеңу ғана емес, өзінің қайталанбас тарихымен, дәстүрлер мен жаңа заманды интеграциялайды.

Жапонияның психология ғылымдарының ассоциациясы бұл конгресті өте жоғарғы деңгейде ұйымдастырып өткізді (JPA). Сонымен қатар өзінің қатарына 49 ассоциацияларды біріктірген Жапон психологтарының ассоциациясы да көп қолдау берді (JUPA). Барлық әлемнің психологтары жиналып адамзаттың келелі мәселелерін шешуде кездесіп ой бөлісті.

Конгреске әдейі құрметпен шақырылған психологиялық ғылымдардың халықаралық одағының (IUPsyS) президенті профессор Saths Соорегмен тағы да кездесудің сәті түсті, Кейптауннан кейін Швеция және Париждегі Еуропалық конгрестерде кездескенбіз. Бірінші рет Африка континентінде болған «Психология адамзатқа қызмет етеді» атты әлемнің 103 мемлекеті қатысқан 30-әлемдік психологиялық конгресс Оңтүстік Африка мемлекетінде, Кейптаун қаласында 2012 жылы 22-27 шілде аралығында өтіп, келесі эстафетаны осы Жапон мемлекетіне тапсырған салтанатының куәсі болғанбыз, 4 жыл өте шығып Жапонияға келдік. Saths Соорег өзінің «Психология және адам құқығы үйлесімді бола ала ма? – атты жолдауын конгреске арнады. Психологияның әлемдік конгресі өзінің керемет тарихына ие, бірінші конгресс Парижде 1889 жылы өтті. Бұл күндері әр 4 жылда бір рет өтіп отырады. Халықаралық психологтар одағы барлық әлемдегі психолог ғалымдарды, студенттерді, басқа да мамандарды біріктіреді, бұл одақта әлемнің 80 мемлекеті және дүние жүзі бойынша 20 филиалы бар беделді одақ. Конгресс барысында симпозиумдар, семинарлар, арнайы құрметпен шақырылған негізгі лекторлардың баяндамалары, тақырыптық сессиялар, көпшілікке арналған баяндама-зерттеулер және секция жұмыстары бір апта бойы үзіліссіз бір-бірімен параллель жүріп, әлемдік ғылыми жаңалықтармен танысудың мол мүмкіндігін берді. Конгресс психологияның 63 бағыты бойынша жұмыс жасады, кейбіреулерін атасақ, олар: агрессия және просоциалды мінез-құлық, қартаю, өнер, клиникалық психология, мінез-құлық психологиясы, когнитивті роботтехника, экологиялық контекстер, білім және мектеп психологиясы, отбасы және қоғам, адами

қатынастар, өнеркәсіп және ұйымдастыру психологиясы, кедейшілік, психобиология, дін және руханилық, әлеуметтік ми.

Конгресс симпозиумында Австралия, Ангола, Англия, Алжир, Африка, АҚШ, Бельгия, Бразилия, Германия, Гонконг, Жаңа Зеландия, Жапония, Египет, Израиль, Индия, Канада, Кипр, Колумбия, Корея, Қытай, Малазия, Мексика, Панама, Перу, Румыния, Таиланд, Турция, Франция, Швейцария, Швеция, Шри-Ланка, Чехия, Чили және басқа да мемлекеттердің ғалымдары өз зерттеулерін таныстырды, солардың ішінде келесі зерттеулерді атап өтейік, құқық және психология, когнитивті неврологияның жаңа көкжиектері, психология және медиатеchnологиялар, әлеуметтік таным және миңдалды дене мен аутизм, ойындар теориясы және стратегиялық ойлау, когнитивті үздіксіздік: толық арнайы ақыл-ой қабілеттерінің патшалығы, әртүрлі мәдениеттегі әлеуметтік нормалар күші, әлеуметтіліктің эмоциялық негіздері, тәуелсіздік пен қолдаудың арасындағы балансқа жету, телеоператор роботтарға адаптация, адам мен приматтардың мәдени табиғаты жайлы: біздің мәдени таным мен имитациялардың сәйкестігін, эволюциясын түсіну. Міне, әлемдік психология өз зерттеулерін адамзатқа арнап осындай бағыттарда дамуда.

Конгреске арнайы шақырылған баяндамашылар арасында барлық әлемдік бренд ғалымдардың қатарында, құрметпен шақырылған белгілі Ресей ғалымы Дмитрий Леонтьев болды (ТМД елдері бойынша шақырылған жалғыз ғалым), халықаралық практикалық-қолданбалы психология ассоциацияның (IAAP) президенті Janel Gauthier (Ph.D) – «Глобализация және терроризм: зорлық-зомбылықтың алдын алу және әлемге барлық әлем атсалыссын» атты баяндамасын, Ресей ғалымы, профессор Дмитрий Леонтьевтің (Мәскеу, Экономиканың жоғарғы мектебінің ұлттық ғылыми-зерттеу университеті) «Жұмысты таңдау: теория, бағалау, компоненттері, құрылымдары, алғышарттары және салдары» баяндамасын арнайы барып тыңдадық.

Әлемдік конгрессте көптеген әлемдік психологиялық зерттеулермен танысып, тәжірибелер алмасып және өз елімізді таныстырып көптеген жаңа зерттеу идеяларын алдық. Қазақстанда психологияны дамыту үшін әлемдік тәжірибелерді алу мақсатымен Жапония психологтарының ассоциациясы (JPA) президенті – Toshikazu Hasegawa мырзамен, ассоциацияның жұмысымен танысып және сол ассоциацияға мүше болуға келісім шартқа отырдық.

Жапония елінің психологиялық жүйесімен танысу негізгі міндеттердің бірі болды. Бұл ассоциация 1927 жылдан бері жұмыс жасауда. Зерттеушілер мен практик психологтарды біріктіріп жылда конференциялар өткізіп және жапон тілінде 2 журнал шығарады, олар: «Психологияның жапон журналы» 1926 жылдан бері шығады және «Психология әлемі» 1998 жылдан бері шығады және ағылшын тілінде «Жапондық психологиялық зерттеулер» журналы 1954 жылдан бері шығады. Ассоциация қоғамдағы кокого (ақыл және жүрек) мәселелерін шешу бағытында көптеген ғылыми психологиялық зерттеулерді жүзеге асырады, атап айтқанда психологиялық денсаулық, саясат, суицид, бала-атаана қатынастары, отбасылық қатынастар, психологиялық қауіпсіздік және үміт, мәдениаралық түсінісу және басқа да құнды мәселелер жайлы зерттейді. «Адам болу нені береді» деген идеяға бағыттайды, бала-бақшалармен, мектеппен, жастармен тығыз байланыс құрған осы ассоциация қабырғасында көптеген студенттер өздерінің дипломдық жұмыстарын аяқтайды, оларға қаржылық көмек көрсетіледі. Жастарға арналған көптеген бағдарламалары бар, тіпті жоғарғы мектеп оқушыларына арнап психологиялық семинарлар өткізеді, біз қатысқан конгресте осы ассоциация үлкен қолдау берді: «Жаңа әлемдегі психология» атты бағытта конгресте жұмыс жасады. Бұл ұйым психология мамандығын аяқтап университет бітірген жас мамандарды аттестациялап сертификаттар береді. Университетті аяқтаған кез келген студент бірден психолог болуға құқысы жоқ осы ассоциациядан практикадан өтіп, сертификатталады.

Практикалық психологтарды да біздегі біліктілікті көтеру жүйесіне ұқсас оларды да дайындықтан өткізіп, біліктіліктерін көтеріп сертификациялайды. Негізгі ұстанымдары психология мен қоғамның үзіліссіз байланысын қамтамасыз ету. Негізгі миссиялары Жапониядағы академиялық іс-әрекетке үлес қосу, психология ғылымын дамыту, теориялық және практикалық психологиялық зерттеулерді презентациялау, интеллектуалды тәжірибелер алмасу.

Конгресс барысында әлеуметтік бағдарламаларда өз деңгейінде жұмыс жасады. Сонымен қатар конгресстің аяқталу салтанатында келесі 32-конгресс Чехия мемлекетіне эстафетаны тапсырды.

Сингапур мемлекетінде психология нені зерттеуде?

Сингапур мемлекетінде аты әлемге әйгілі жаһандық ғылыми-технологиялық форум

(GSTF) 2008 жылдан бері әлем ғалымдарының зерттеулерімен таныстырып, оларды дамытып және Тынық мұхиты Азия аймағында бизнес пен технологияларды дамыту бойынша кеңес береді. Кеңес берушілердің бәрі әлемдік бренд ғалымдар мен практиктер. Бизнес кеңес беру және стратегиялық менеджмент пен басшылық, лидерлік сұрақтарымен айналысатындықтан өткізілетін конференциялардың ішінде психология ғылымына арналған журналдар шығарып, конференциялар өткізіп тұрады. Бұл форум халықаралық конференциялар, семинарлар, сертификаттау және оқыту бағдарламаларымен жұмыс жасауда.

Негізгі мақсаты барлық әлем ғалымдары мен практиктерін ынтымақтастыру, тәжірибелер алмасу, стратегиялық басқару, инновациялар үшін жаһандық форумы, оқыту мен сертификаттау, кітаптар, журналдар шығарумен айналаса отырып жеке ғалым ретінде сізді және сіз жұмыс жасайтын ұйымды да әлемдік деңгейге көтеруге жұмыс жасайды. Бәсекеге қабілетті ғалымдар мен профессионалдарды жинап интеллектуалды платформа жасайды.

Форум әлемнің 48 университетімен ынтымақтасады және 63 университеттер серіктестері (Оксфорд университеті, Кембридж университеті, Калифорния университеті, Мельбурн университеті, Сидней университеті, Сингапур университеті және тағы басқалар). Жыл сайын 40 конференция өткізеді, соның бір конференциясы психологияға арналған (CBP) когнитивті-бихевиоралды психология. Форум ғалымдарды, жас зерттеушілерді марапаттайды, гранттар бөледі, стипендиялар тағайындайды. Журналдар жылына 4 рет шығады, біздер үшін құндысы импакт факторы жоғары психология журналы (Journal of Psychology – JPsych-GSTF) және электронды кітапханасы мен электронды журналдары да бар. Көптеген кітаптар шығарады, электронды оқыту бағдарламаларын ұсынады. Форум Cambridge Scholars Publishing баспасының әріптесі болып табылады. Журналда шыққан зерттеулер әлемдік атақты EBSCO, ProQUEST, GrossRef, Scopus және басқа да базалармен индексацияланады. Форум жанында кәсіпкерлерге арналған инкубациялық орталық жұмыс жасайды, ол жерде психолог практиктер өз қызметін ұсынады. Конференция материалдарынан бөлек конференцияларға қатысқандарға мысалы психология журналына ғылыми мақаланың кеңейтілген нұсқасын алады. Осы форумның грантын жеңіп алған профессор Д. Чаттерджи Гарвард университетінде лидерліктен дәріс оқыған, көптеген атақты кітаптардың авторы, мәртебелі Фулбрайт

стипендиясын екі рет иемденген. Д. Чаттерджи шығыс даналығы мен батыс эмпирикалық білімдердің керемет синтезін құрайды. Басшылық жасаудың азиаттық моделінің пионері болып табылады, өте атақты кітаптарының бірі «Уақыттан тыс келген лидерлік: өзіңнің лидерлік ДНК таба біл». Автор бұл еңбегінде эксперименттік әдістердің көмегімен индивидтің жеке бастық және корпоративті өзгерістерге өз ақыл ойын алдын ала көре білу, өз зейінін шоғырландыру мен жинақтау арқылы табысты болатынын көрсетеді. Форум келсідей психологияға негізделген семинарлар береді: ең маңызды мәселені шешу, алыстату шеберлігі, стратегиядан тыс мақсатты көздей білу, стрессті басқару, шешім қабылдаудағы практикалық даналық, берілуге диссонанс: эмоциялық интеграцияға бару, трансценденттілік; белгісіздік жағдайында жандану, гүлдеу. Форумға мүше болу көп жағдайды сізге тудырады, жарияланымдардан бонус алу, сертификат, электронды кітапхана мен журналдарға, кітаптарға қолжетімділік, әлемдік жаңалықтар мен зерттеулерге он-лайн байланысқа түсу, комитеттерге сарапшы болу, мүше болу, шеге-

рімдер алу, кәсіби кеңес алу және кәсіби өзіңді дамыту.

Осы форум жылда ұйымдастыратын психологиялық конференцияға төрт рет қатыса отырып көптеген жаңалықтар мен ғылыми зерттеулерден тәжірибе жинақтадық және конференцияның жоспарлы комитетінің мүшесі бола отырып көптеген зерттеулерге пікір бердік (CBP-2013, 2014, 2015 және 2018).

Талқылаулар

Өзіміз қатысқан шет елдік конгресстер мен конференциялар нәтижесінде көптеген ғылыми тәжірибелер алып, өзімізді кәсіби деңгейде жоғарылатып, жаңа тың идеяларды Қазақстанға алып келуге тырысудамыз. Төменде шет елдік зерттеулер туралы талқылауларды береміз. Яғни осы зерттеулер бізге не береді? деген сұраққа осы талқылаулар арқылы түсінеміз деп ойлаймыз. Сингапурдағы психологиялық зерттеулер бағыты (конференция материалдары негізіне) және қазақстандық психология мектебі және біздің интеллектуалды әлеуетімізбен байланысы.

1-кесте – Сингапур конференцияларында талқыланған ғылыми зерттеулер (CBP 2013 CBP 2015 зерттеулері бойынша)

№	Зерттеудің атауы	Авторлар	Зерттеуге қысқаша сипаттама	Конференция атауы
1	«Children of working and non –working women-awareness of responsibilities, emotional balance, family adjustment, proud of mother-a-study» «Жұмыс жасайтын және жұмыс жасамайтын әйелдердің балалары – жауапкершілікті ұғыну, эмоциялық баланс, отбасын реттеу және аналары үшін қалай мақтана алады, аналардың күтуін зерттеу»	Prof.L.R. Yagnik Sardar Patel Unirver sity	Бала даму сатысында физикалық және психикалық өзгерістерге ұшырайды, мінез-құлықтағы ақыл, эмоциялық, әлеуметтік аспектілеріне байланысты көптеген мәселе туындайды. Бала әкесіне қарағанда анасынан өмірге қатысты үлгіні көп алады. Бұл зерттеуде жұмыс жасайтын және жасамайтын әйелдердің отбасын реттеу мен эмоциялық теңгерімді жасайтын міндеттерін ұғынуларын салыстыру зерттелген. Жұмыс жасайтын және жасамайтын әйелдердің балалары өз аналарын қалай мақтан тұтатындарын, жұмыс жасайтын және жасамайтын әйелдердің балаларынан күту процесін, екі топтағы әйелдердің отбасын реттеу тәсілдері, эмоциялық теңгерімді ұстап тұруларын салыстыру. Қорыта келгенде, жұмыс жасайтын әйелдердің балалары ерте жастан-ақ өздері өз істерін бастай берсе, ал жұмыс жасамайтындардікі кішкене ғана қажеттіліктің өзін сұрағыштай береді. Б Ба	2 th Annual International Conference on Cognitive and Behavioral Psychology (CBP 2013) 25-26 February 2013, Singapore- когнитивті және бихевиоралды психология- 13-17 бб.
2	«Visuo – spatial Memory Advantage of Biscrptal Bilinguals» «Әртүрлі әріптер жүйесінде билингвистердің	Dr Lidia Suarez, Ismath Beevi James Cook University Singapore	Зерттеудің мақсаты тілді игерудегі әртүрлі билингвистердің жады мен қабілеттерін зерттеу. Зерттеуде ағылшын-малай, ағылшын-қытай және ағылшын-тамил тілдері бойынша билингвистердің фологиялық және көру-кеңістікті жады өлшенген,	60-67 бб.

	тілді игерудегі көру-кеңістікті жады мен дағдылары»		Ағылшын-орыс-әріптік тіл, қытай-логографикалық, ал тамиль-алфа-сөздік тіл, осыған байланысты ағылшын-малай тілі билингвистері жазудың бір жүйесін құрайды, ал ағылшын-қытай мен ағылшын-тамил билингтері – екі жүйеге ие. Қорыта келе, қытай тілін білу көру-кеңістікті ес пен жаңа логографтарды оқумен байланысты. Ағылшын-малай және тамил жазулары мұндай дағдыларды қолдамайды. Ағылшын-қытай билингілерінде табылған көру-кеңістікті ес қытай тілін білумен байланысты, ал екі жазуды жаза білу мен оқумен байланысы жоқ екен.	
3	«Yoga for the management of neurological motor impairments» «Йога неврологиялық қимыл бұзылыстарын басқара алады»	Weili Chan-University of South Australia Adelaide	Зерттеуде неврологиялық аурулардың психикалық және физикалық денсаулықтарын сауықтырудың дәстүрлі тәсіліне жауап ретінде альтернативті медицинадағы йоганың маңызы зерттеледі. Қорыта келгенде, біріншіден йога мінез-құлықты прогрессивті өзгерту арқылы психикалық денсаулықтың позитивті күйін қамтамасыз етіп, мотивацияны көтереді. Екіншіден, йоганың нәтижесінде қозғалыстарды жоспарлау мен орындау оңды жақсарды, моторлы неврологиялық бұзылыстары бар пациенттерде өмірлік сапаларын жақсартады.	123-125 бб.
4	Emerging from Loneliness and Despair Жалғыздық және өкініуді қалай жеңуге болады? pp12-16	Sakshi Kaul Delhi University	Зерттеуде жалғыздық сезімін жеңудің психологиялық әдістерін береді, адам өзіне көмектесіп осы күйден арылуы керек. Мәселен келесі ұсыныстарды береді: өзін жұбату, сіз ғана емес бәріміз де жалғызбыз, маңызды, күрделі істерге араласу, позитивті көзқарасқа жақын болу, әлеуметтік іспен өзіңіз айналыса бастаңыз, қарым-қатынасқа көп түсу, жалғыздық пен оқшауланудың айырмашылығын ажырату, қоғамдық іспен айналысыңыз, кәсіби мамандарға барыңыз. Қорыта келе зерттеуде адамдардың жалғыздығы өмірдің бір жағдайынан байланысты емес, адамдар өздері өмірді солай қабылдап жатыр. Зерттеуге қатысқан 3 топта өздері жалғыздық күйінен ажырауға өздері күш салған. Әдемі өмір сүріп, өзін жеңіп жалғыздық сезімінен ажырау ең маңызды.	4- th Annual International Conference on Cognitive and Behavioral Psychology (CBP 2015) 9-10 February 2015, Singapore- когнитивті және биохевиоралды психология-13 б.

Зерттеу мақсатына орай инновациялық әлеуетімізді көтеретін бірнеше ғылыми зерттеулерді атауға болады. Сингапурде қатысқан келесі конференцияда төмендегі оқыту жүйесіндегі қолданылып жатқан инновациялық бағыттағы зерттеулерді талдауға болады. (CBP 2015), «Оқыту процесіне қатысты оқу бағдарламаларын жетілдірудегі SWOT анализ жүргізу» деген зерттеуде (Австралия), мұғалімдер қолданатын оқу бағдарламасын талдап, оның әлсіз және күшті жақтарын зерттеп, оқу бағдарламасын соған қатысты талдап, бизнес-білім беру, оқушыларды бағалау мәселесін көтереді. «Финляндиядағы оқыту мәдениеті және информациялық және коммуникациялық технологиялар» атты зерттеуде (Якко Панула) Финляндияда қолданылатын ұлттық білім берудің стратегиялық саясаты жә-

не соған қолдануға қажетті шараларды суреттеп, жаңа оқу бағдарламалары бірлескен оқытуға байланысты мәселесін қарастырады және Финляндия үкіметінің осы зерттеуге байланысты жобаларды қаржыландырғаны және дуалды оқыту мәселесіне қатысты арнайы жобалар қаржыландырылған, оқытудағы мәдениет мәселесі арқылы студенттердің өзіндік жұмыстарды орындаудағы творчестволық қатынасты зерттейді. «Азия мен Сингапурда жаңа оқу технологияларын бағалау (Анита Лундберг, Маргарет Картер)» өте қарқынды дамып жатқан бәсекеге қабілетті қоғамда тез дамып жатқан уақытта компьютерлік білім беру негізгі инструмент болып отыр. Қазіргі жаңа технологиялар студенттерге және педагогтарға қандай стресстер тудыруда оны шешудің жолы қандай сол сұрақтарды

қамтиды, оқытудың творчествосы мен өнімділігін көтеруде экономикалық тиімді болатынын талдайды.

«Жоғары білім берудегі оқу үлгерімінің прогностикалық факторлары» (Эмиля Мартинс-Португалия). Білім беру концепциясы екі жақты процеске көп байланысты, оқу үлгеріміндегі «сәттілік» және «кұлау» проблемалары қаралады. Зерттеуде жоғары білім берудегі оқу үлгерімінің кейбір предикторларын табуды мақсат етіп қойған және оны индивидуалды (оқу үлгерімінің әлеуметтік, демографиялық, танымдық), академиялық және институционалды аспектілерін ескеріп зерттеген. Әртүрлі ЖОО-дан 1318 студент қатысқан. 3 модель қолданылады, нәтижесі бойынша студенттер интеграцияланған модельді көп қалаған, яғни оқу үлгерімінде сәттілік болу үшін барлық предиктордың қамтылуы, оқыту процесінде жағымды жағдай жасалуы және ұйымдасқан-құқықтық жағдайлардың болуын көп қалайды. Индивидуалды ерекшеліктерді институционалды өзгергіштіктерді қолданған оқыту сәтті оқу үлгерімін көп қамтитыны белгілі болған.

«Малазияның арнайы білім беру саласындағы стресс» (Мохд ЗуриГани) – стресспен кәсіби стресстің деңгейін тудыруға байланысты Малазияның Пеннаг штатының педагогтары зерттелген. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей стрессті тудырудың бес факторы табылған. Бес стресстің арасында ең күшті фактор оқушылардың мінез-құлқы болып табылды, басқа факторларға оқытушының жұмыс көлемі, уақыты, ресурстардың қиындығы, мойындау және тұлғааралық қатынастар жатты. Жұмыс жүктемесі мен басқа факторлар респонденттерге аздаған стресстер ғана түсірген. Сонымен қатар нәтижелер көрсеткендей жынысы, отбасылық жағдайы, жоғарғы академиялық біліктілігі бойынша сыналушылардың жауаптарында айрықша айырмашылықтар болмаған. Бұл зерттеуде сонымен бірге мұғалімдердің стресімен демографиялық факторлардың, атап айтқанда, жасы, педагогикалық еңбек өтілі, жалақысы сияқты факторлардың арасында мәнді корреляция табылған.

«Таиландтың солтүстігіндегі альтернативті мектептегі білім беру менеджменті (Сара Таббара) атты зерттеуде оқу процесін басқаруда негізгі екпінді кешенді икемді оқу бағдарламасына, тұлғалық бағдарланған оқытуға жасалып, студенттердің өздерінің жеке мәселелерін шешуге көмектесуді көздейді, пәнаралық салалар мен қоғамға араласу, мұғалімдер мен әкімшіліктің

әлеуеттерін көтеру негізінде ата-аналарды да пәнаралық салаларға, ойлаудың сыни іс-әрекетіне, психологиялық өмірлік дағдыларды дамыту бағдарламасына арақатыстыруға мән қояды.

«Орнықты дамыту контекстінде бастауыш мектепте тұтынушы білім беру» (Сингапур, Кенджи Хатори) атты зерттеуде бұл күндері қатты белең алып отырған тұтынушы білім беру бағыты тұтынушылардың жаңа қатынастары мен күтулерін сипаттайтынын айтады. Тұтынушы білім беруді дамыту оның жаңа мазмұнын жасауда орнықты дамуды көздейтін бастауыш мектептің рөлін негіздейді.

«Сырттан меңзеу білім беру бағытынан бағдарламаны дайындау бойынша оқытушыларды дайындау» (Жапония) зерттеуінің мақсаты оқытушыларды дайындайтын бағдарламаның нұсқауларын жасау болды. Оқушылардың ақыл-ойы адамның табиғаты туралы көп білу жағдайына көңіл қойылады. Оқу жылының бірінші семестрінде 4 курс студенттеріне көркем білім беру мен жапон бағдарламасына оқыту қатыстырылды, бұл бағдарламада эстетикалық тәрбие, ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін өнер, білім беру философиясы мен этика, мамандық ілімі бағдарламасы берілді.

Зерттеуде сапалы әдістер қолданылды, сырттан меңзеу бағдарламасын ұғыну, терең тыңдау, әңгімелесу, диалогпен бірге тәжірибе алмасу, әлемдік техникалар, кафе, сурет салу және журналдар қолданылды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей сырттан меңзеу білім беру бағдарламасы зейінді, түсінуді, эмоциялық өзіндік реттеуді, бірге әсерленуді, өзін және басқаларды қайғыру, мадақтау әрекеті, өзін оқытуды трансформациялау оқытуды тереңдетіп, ішкі күштер мен дағдыларды дамытады.

Осы бағыттардың арқасында оқушылар зорығуды, сыныптағы климатты жетілдіруді, кеңейтуді үйренеді сөйтіп ақыл мен тәнді тыныштандырады, идеялармен оқуды алмастыруға жүректерін ашады. Сырттан меңзеу бағдарламасы студенттер үшін мінез-құлық моделін құра отырып даналыққа алып келеді.

«Білім берудегі теңсіздік және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудағы жаңа күрестер», бұл зерттеуде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың арқасында жастардың арасында пайда болған теңсіздікті шешуге бағытталған. Қазіргі жастар «сандық аборигендерге» айналды, тек ғана әлеуметтік желілер ғана емес, қоғаммен байланысатын басқа ақпараттарға қол жеткізу ол да бір мәселе болып отыр, олар барлық жастарға

қол жетімді емес, сондықтанда ақпараттар технологиясын қолдануда теңсіздік туындайды. Міне, осы жағдайды зерттеудің мәнділігін көрсетеді.

«Білім беру лидерлері және инновациялық бағдарламаларға қатысатын мұғалімдердің мотивациясы» (Греция). Гректің білім беру саясаты

педагогтардың, оқытушылардың кәсіби дамуы мен жоо деңгейін көтеруге негіз болатын менеджерлермен, білім саласының жетекшілерімен ынтымақтасуды ұсынады. Білім беру түріндегі инновациялық бағдарламалар оқытушылардың кәсіби дамуының бір бөлігі.

2-кесте – 1. Жапониядағы психологияның даму бағыты қандай? (ICP 2016 зерттеулері бойынша)

№	Зерттеудің атауы	Авторлар	Зерттеуге қысқаша сипаттама	Конференция атауы
1	Негізгі баяндамалар: IA002 «Mind matters: How a dose of positive psychology helps dementia caregivers get through the day» «Ақыл-ой мәселесі: деменциямен ауыратын адамдарға көмектесетін жағымды психология мөлшері ретінде»	Sheung Tak Cheng Hong Kong Institute of Education, Hong Kong; 2. University of East Anglia, United Kingdom	Зерттеуде әлемде деменциямен ауыратын адамдардың екі есе көбейгені туралы айта отырып, сол ауыратын адамдардың отбасы мүшелерінің қиналғаннан психикалық денсаулықтарының нашарлауына байланысты зерттеу жүргізілген. Алайда зерттеу барысында сол ауруларды күтетіндердің өздеріне разы болып қанағаттану сезімі мен мақтанш сезімі де ояматынын айтады. Зерттеуші нәтижесінде жағымды нәтижелердің концептуальды моделін жасайды	Special Issue: 31st International Congress of Psychology, 24–29 July 2016, Yokohama, Japan Volume51, IssueS1 Special Issue: 31st International Congress of Psychology, 24–29 July 2016, Yokohama, Japan, pages 31-57 https://doi.org/10.1002/ijop.12295
2	IA003 «Psychology of longevity by integrating culture with empirical studies» «Мәдениеттерді эмпирикалық интеграциялау жолымен ұзақ өмір сүру психологиясы»	Buxin Han Key Lab of Mental Health, Institute of Psychology, Chinese Academy of Sciences, China	Зерттеуде өте ұзақ өмір сүрудің жолдары барлық адамзат баласы үшін маңызды болып отыр. Қытайда өмір бойы осы сұрақпен айналысады. Дәстүрлі тәсілдердің психологиялық салдары жайлы эмпирикалық мәліметтер алынған. Зерттеуге қатысқан екінші зерттеу тобына ешқандайда дәстүрлі тәсілдерді қолданбай-ақ ұзақ жасаушылар қатысады. Олардың негізі гедонистік қабілеттері ең негізгі психологиялық сипаттама болып табылады. Мәдени факторлардың да қаншалықты әсер ететіні зерттеледі	
3	IA004 «Ages of Life Between Diversity and Harmony : Generations, Aging and Cultural Variations. For a Global Useful Psychology in the 21st Century World» «Гармония мен әркелкілік арасындағы өмірлік жас: ұрпақ, қартаю және мәдени вариациялар. XXI ғасырдағы әлемдегі психология үшін ауқымды пайдалылық»	Christian Heslon UCO Angers, FRANCE, France	Зерттеуде келесі жағдайлар анықталады. Өмірлік жас гармония мен әркелкіліктің арасындағы зорығуға тамаша мысал бола алады, ол үш деңгейді қамтиды: ұрпақтар арасындағы қатынастар, қартаюдың жеке бір процестері және мәдениетке сай жасқа қарай қатынастардың вариациялануы. Осы үш деңгей психологияның үш саласымен тығыз байланысты: әлеуметтік, даму және мәдениаралық. Осы келіспеушілік немесе зорығу XXI ғасырдың саясаты мен адамдарымен байланысты. Осы мәселелер қартаюдың индивидуалды психологиясымен байланысты талданады. Барлық әлемде жасқа байланысты қартаюдағы мәдени вариацияларды қалпына келтіреді.	
4	IA006 « Aging of the brain and cognition: What the time tells and what we are still waiting to hear». «Мидың қартаюы және таным: уақыт не дейді және нені күтеміз не естіміз келеді»	Naftali Raz Wayne State University, United States of America	Зерттеуде келесі мәліметтер алынған. Ми мен таным жасқа қарай өзгереді. Сол өзгерістер барысы адамдарда ғана емес мидың барлық облысында және когнитивті процестерде айырмашылығы болады, ал дифференциалды механизмдердің өзгерістері түсініксіз болып отыр. Тамырлардың, метауруға тәуекелдің жақындауы, суық тию, стресстер, кислородтың аккумуляциясымен байланысты көптеген факторлар қартаю барысын өзгертеді. Ми мен танымның арасындағы қартаюға байланысты өзара байланыс көп факторларға тәуелді, оны бір ғана зерттеу шеше алмайды. Қартаю процесіне сақтықпен араласу керек, сақ оптимизм қажет.	

Сонымен шет елдік зерттеулер бағытын талдай келе, бізде өз елімізде әлеуметтік сфералардың барлық мәселелерін және адамзат баласы алаңдап отырған зерттеулерді көбейту мәселесін түсінеміз. Көптеген инновациялық зерттеулермен таныса келе өзіміздің де инновациялық әлеуетімізді көтере аламыз.

Қорытынды

Өзіміз қатысқан шет елдік конференция біздерге көп ой салады, жаңа ғылыми зерттеу идеяларына түрткі болуда. Жоғарыда талданғандай шет елдік психологиялық зерттеулер қазіргі уақыт талабымен үндесіп, қоғамның адамдардың тапсырыстары бойынша зерттеулерін жүргізіп әлемдік ауқымдағы адами мәселелерді шешуде.

Жапонияда өткен конгресте тыңдаған баяндамалар бірінен бірі өтіп өте қатты қызығушылық тудырады. Мәселен профессор Ying-Yi-Hong (Гонконг университеті) – «Мультимәдени идентификациялану дәстүрлерді шақыра ма әлде болашақты жасау ма?» атты мақаласында индивидтердің ұтқырлығы күнделікті өмірде әртүрлі мәдениет өкілдерімен байланысқа түскенде қандай сезімдерді бастан кешіреді? деген мәселені зерттеген. Баяндамадан көргеніміздей олар жағымды әсер етеді екен, мысалы кадр және творчество бір-біріне ауыса алады, алайда олар адамдардың өзінің мәдениетіне зиян келтіретінін ұмытпауы қажет.

Осы екі айырмашылықты шектеу үшін полимәдени ақыл мен мультимәдени өзіндік (самость), мультимәденилік ұғымдарын ажырата білу керек дейді. Мультимәдени ақыл жаңа мәдениет жайлы білімдерді алып келеді, бұл процестер творчество мен инновацияларға пайда әкелуі мүмкін. Сонымен қатар адамдар өз мәдениетімді бұзып аламын деп сезінсе жаңа мәдениетке деген негатив болуы мүмкін.

Бұл зерттеуде профессор көптеген мәдени әсерлер негізінде мультимәдени ақыл мен мультимәдени өзіндік адамда жағымды не теріс салдарлар туғызады, соған байланысты жүргізген эмпирикалық зерттеулерін баяндады. Қорыта келгенде, бұл жұмыс әлеуметтік когнитив-

ті процестерді зерттеуге мүмкіндік берген және адамзат баласының болашағы әртүрлі мәдени дәстүрлерді және өз дәстүрін өзара құрметтеулерімен байланысты болады деп тұжырымдама жасалған.

Сондай-ақ әлемдік деңгейде жаңа бізге әлі таныс емес ғылыми жобалар мен зерттеулер жасалуда, профессор Laurence J. Kirmauer-Канада «Мәдени психиатрия» атты зерттеуін баяндады. Психопатологиядағы тәжірибе мен оны емдеуге байланысты психиатрия мәдениетін, мәдениеттің салдары жайлы зерттеу нәтижелерін талдады. Когнитивті ғылымда мәдени психиатрияны дене және интерсубъективті тәжірибені практикада өзгерту арқылы мәселені нақты көруге жақындаймыз дейді профессор. Адам биологиясы, мәдени биология, ми схемасынан бастап өмірдің мәдени формаларына дейін регуляцияға жете алатынын зерттеуде дәлелдеген. Бұл жаңа бағыт, психикалық денсаулық теориясы, зерттеу практикасын психикалық аурулардың кросс-мәдени зерттеулерімен негізделетінін көрсетеді. Осы зерттеулер бізге де терең ой қалдырады, болашақ зерттеулерімізге жол салады.

Жалпы алғанда осы зерттеулерден әлемдік психологиядағы зерттеу жаңалықтарын көреміз, адамдарға ортақ мәселелерді зерттейміз, бізде Қазақстанда көптеген эксперименттік зерттеу нәтижелері әлемдік деңгейде көптеген конгрестер мен конференциялардан бөлек, импакт факторы жоғары әлемдік журналдарда жарық көруде, осының өзі біздердің ғылыми жетістіктерімізді әлемде танылып жатқаны қуанарлық жағдай.

Қазақстанда өтіп жатқан өте терең әлеуметтік өзгерістер білім саласына да әсер етуде, ең негізгі өзгеріс адамға деген қатынастың өзгеруі. Еліміздің дамуының мемлекеттік бағдарламасындағы маңызды сұрақтардың бірі Президент көрсеткендей ол білім, ЖОО инновациялық моделін қалыптастыру, нарық сұраныстарына бағдарлану. Елбасы қойған міндеттерді шешу механизмдерінің бірі қазақстандық білімдердің әлемдік білімдер кеңістігіне интеграциялануы, өзіміздің күш-жігерімізді нақтылы серпінді инновацияларға қазақстандық психолог ғалымдар өз үлестерімізді қоса береміз.

Әдебиеттер

Бердібаева С.К. Білімдер экономикасы және инновациялық процестер (шет елдік конференция тәжірибелерінен) // Профессор С.М. Жақыповтың 66 жасына арналған Білім берудегі тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі, дамудың заманауи бағыттары атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары, 2016. - бб. 12-16.

Бердібаева С.Қ. Қазақ психологтарының әлемдік психологиялық конгреске қатысуы зор мақтаныш // Мектептегі психология журналы, 2016.- № 10 (110).- бб.8-14.

Buxin Han Key. Psychology of longevity by integrating culture with empirical studies // Special Issue: 31st International Congress of Psychology, 24–29 July 2016, Yokohama, Japan, pages 31-57. - <https://doi.org/10.1002/ijop.12295>

Heslon Ch. Ages of Life Between Diversity and Harmony : Generations, Aging and Cultural Variations. For a Global Useful Psychology in the 21st Century World // Special Issue: 31st International Congress of Psychology, Yokohama, Japan, 2016. - pages 31-57. - <https://doi.org/10.1002/ijop.12295>

Suarez L., James I.B. Visuo-spatial Memory Advantage of Bilinguals // Proceedings of the 2-thAnnual International Conference on Cognitive and Behavioral Psychology, Singapore, 2013. - pp.60-67

Naftali Raz Wayne. Aging of the brain and cognition: What the time tells and what we are still waiting to hear // Special Issue: 31st International Congress of Psychology, Yokohama, Japan, 2016. – pp. 31-57. - <https://doi.org/10.1002/ijop.12295>

Sakshi K. Emerging from Loneliness and Despair. Proceedings of the 2-thAnnual International Conference on Cognitive and Behavioral Psychology, Singapore, 2013. - pp.12-16.

Sheung Tak Cheng. Mind matters: How a dose of positive psychology helps dementia caregivers get through the day // Special Issue: 31st International Congress of Psychology, Yokohama, Japan, 2016 - pp.31-57. - <https://doi.org/10.1002/ijop.12295>

Yagnik S. Children of working and non –working women-awareness of responsibilities, emotional balance, family adjustment, proud of mother-a-study // Proceedings of the 2-thAnnual International Conference on Cognitive and Behavioral Psychology, Singapore, 2016.-pp.13-17.

Weili Chan. Yoga for the management of neurological motor impairments // Proceedings of the 2-thAnnual International Conference on Cognitive and Behavioral Psychology, Singapore, 2013.- pp.123-125.

References

Berdibayeva S.K. (2016) Bilimdir ekonomikasy zhane innovaziyalyk prozester (shet yeldyk konferenziya tazhiribelerinen) [Knowledge Economics and Innovative Processes (from the experience of foreign conferences)]. Professor S.M.Zhakypovtyn 66 zhasyna arnalgan Bilim berudegi tulganyn basekege kabyletiligi, damudyn zamanauy bagyttary atty halykaralyk gylimi-adistemelik konferenziya materialdary [Economics of knowledge and innovation processes (from the experience of foreign countries). Intermediate international scientific and methodological conference «Competitiveness for Education, Modern Directions of Development» which was dedicated to the 66 the anniversary Dzhakupov S.M.], pp.12-16.

Berdibayeva S.K. (2016) Kazak psihologtarynyn alemdyk psihologiyalyk kongresske katysuy zor maktanysh [The Kazakh psychologists participation in the world psychological congress is a great pride]. Journal of Psychology in School-№ 10 (110), ISBN-1998-6718- Founder-Teacher-LTD, pp.8-14.

Buxin Han Key (2016) Psychology of longevity by integrating culture with empirical studies. Special Issue: 31st International Congress of Psychology, Yokohama, Japan, pp.31-57. <https://doi.org/10.1002/ijop.12295>

Heslon Ch. (2016) Ages of Life Between Diversity and Harmony : Generations, Aging and Cultural Variations. For a Global Useful Psychology in the 21st Century World. Special Issue: 31st International Congress of Psychology, Yokohama, Japan, pages 31-57. <https://doi.org/10.1002/ijop.12295>

Suarez L., Ismath Beevi James (2013) Visuo -spatial Memory Advantage of Bilinguals. Proceedings of the 2-thAnnual International Conference on Cognitive and Behavioral Psychology, Singapore, pp.60-67.

Naftali Raz Wayne. (2016) Aging of the brain and cognition: What the time tells and what we are still waiting to hear. Special Issue: 31st International Congress of Psychology, Yokohama, Japan, pages 31-57. <https://doi.org/10.1002/ijop.12295>

Sakshi K. (2013) Emerging from Loneliness and Despair. Proceedings of the 2-thAnnual International Conference on Cognitive and Behavioral Psychology, Singapore, pp.12-16.

Sheung Tak Cheng. (2016) Mind matters: How a dose of positive psychology helps dementia caregivers get through the day. Yokohama, Japan, pages 31-57. <https://doi.org/10.1002/ijop.12295>

Yagnik S. (2013) Children of working and non –working women-awareness of responsibilities, emotional balance, family adjustment, proud of mother-a-study. Proceedings of the 2-thAnnual International Conference on Cognitive and Behavioral Psychology, Singapore, pp.13-17.

Weili Chan. (2013) Yoga for the management of neurological motor impairments. Proceedings of the 2-thAnnual International Conference on Cognitive and Behavioral Psychology, Singapore, pp.123-125.